ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНЫҢ
АБАЙ АУДАНЫ
ӘКІМІ АППАРАТЫНЫҢ
«АБАЙ» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«АБАЙ» АППАРАТА АКИМА
АБАЙСКОГО РАЙОНА
ГОРОДА ШЫМКЕНТ

БҰЙРЫҚ

03.03.2026 ж.
Шымкент қаласы

ПРИКАЗ

№ 27 н/қ
город Шымкент

Мемлекеттік сатып алу туралы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII Заңымен, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығының талаптарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Шымкент қаласына 2026 жылғы 26 наурызында өзге елден қонақтардың келуіне байланысты, үнемделген қаржы есебінен қажетті арнайы техникаларды 1 ай мерзімге жалға алуға атап айтқанда, 4 дана шағын сыпырғыш (шаңсорғыш), 1 дана трал, 1 дана шағын экскаватор және ретсіз жатқан объектілерді жабу, қоршау үшін 200 дана профильді лист мемлекеттік сатып алу туралы Заңның 16-бабының 3-тармағының 22 тармақшасына, *(Қазақстан Республикасы Президентінің және басқа да қорғалатын адамдардың қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу, Қазақстан Республикасы Президентіне және басқа да қорғалатын адамдарға қызмет көрсетуге арналған мемлекеттік резиденцияларды, автокөлік құралдарын және әуе кемелерін күтіп ұстау, қызмет көрсету және пайдалану, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің және басқа да қорғалатын адамдардың қатысуымен іс-шаралар өткізу үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу туралы)* сәйкес жүзеге асырылсын.
2. Шымкент қаласының Абай ауданы әкімі аппаратының "Абай" коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік сатып алу туралы Заңына *(16-бап 3-тармақ 28-тармақша егер біртекті тауарлардың құндық мәндегі жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің бір жүз еселенген мөлшерінен аспаса, осындай біртекті тауарларды, егер біртекті жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің құндық мәндегі жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен аспаса, осындай жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді, ал аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары үшін республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік*

көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен аспаса, сатып алу) сәйкес, вакуумдық ассенизатор автокөлігіне 30 метр шлангі үнемделген қаржы есебінен бір көзден алу тәсілімен жүзеге асырылсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
4. Бұйрық мемлекеттік сатып алу веб-порталына орналастырылсын.

Басшының м.у.а **Е.Үмбет**

Орындаған: Г. Биболатова